



Бекітемін:

«Ақжол-Керім» бөбекжайы -

тәрбиешілерінің меңгерушісі

А. И. Хожамуратова

«Жайлауда»

«Ақжелкен» ересек топ.



Тәрбиешілер: Г.К.Сабденова

Шымкент 2021

Ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті

Тобы: «Ақ желкен» ересек тобы

Білім аумағы: Қатынас, Әлеумет, Таным, Шығармашылық.

Білім бөлімі: Тіл дамыту, Көркем әдебиет, Құрастыру, Қарапайым математика, Мүсіндеу, Сурет салу, Қоршаған ортамен таныстыру.

Өтілетін күні: 25.03.2021

Тақырыбы: «Жайлауда»

Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру, сұрақ – жауап арқылы балалардың сөйлеуін, тілдерінің дұрыс жетілуіне ықпал ету. Мультфильм кейіпкерлерін сомдап, достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық аспаптарымен, асық түрлерімен танысу, киіз басуды үйрену. Киіз үй туралы білімдерін арттыру.

Міндеті: Балалардың ойлау іскерліктерін дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру, ұлттық дәстүрлерді ұғындыра отырып, патриоттық сезімін ояту. Денсаулықтарын нығайту.

Көрнекіліктер: Слайдтар, суреттер, мультфильм кейіпкерлері, көпір, тау және киіз, оюлар, асықтар, түлкінің үйі, қазақи қоржын және мадақтамалар.

Билингвалдық компоненттер: Түлкі-лиса-fox, жылан-змея, тау-гора.

Инклюзивтік әлеумет: Ұйымдастырылған оқу – іс – әрекетіне қызығушылығы төмен балаларды жанымызға алып, бірлесе жұмыс жасау.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы қозғаушы.	Тілек шеңбері: Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан Барлық ұлттың баласы, Достығымыз жарасқан. Туыспыз біз бәріміз. Бір Отанды сүйеміз! Бақытты елде туған соң, Бақытты өмір сүреміз!	Тілек шеңберінде конақтармен сәлемдесіп, бірлесе өлең шумағын қайталайды.
Ұйымдастырушы ізденушілік	Дара мен Бодидің келуімен ғажайып сәт ұйымдастыру. -Сәлеметсіңдерме, балалар! Тәрбиеші: Ой, Дара, Боди біздің елімізге қош келіңдер! Дара: Біз қайда келдік? Біз дұрыс келіппіз. Алаяқ түлкі сендерге әкеле жатқан сыйлығымды ұрлап кетті. Сендер түлкіні көрдіңдерме? Тәрбиеші: Балалар Дара мен Бодига алаяқ түлкіні табуға көмектесейік. Өйткені алаяқ түлкінің біздің елдеде үйі бар.	Балалар таңырқай қарайды. Сәлеметсізбе! Сендер қазақ еліне келдіңдер. Ия Жоқ көрмедік. Жарайды

	Саяхатқа шығу үшін бізге не керек? Слайдтан бірнеше заттың (кітап, фотоапарат, карта) суреті көрсетіледі. Карта: Мен картамын, мен картамын, мен картамын. Түлкінің үйіне барар жолда мүдірмей өтулеріңе тура бағыт көрсетіп, жол тартамын. Ол үшін сендер Ысылдауық жыландар бар көлден, ондағы көпірден, жыландарды тыныштандырып қана өте аласындар. Ол жерден өткен соң жайлаудағы текеметті басып, киіз үйді құрастырып, асықтармен ойнап барып, биік тауға жетесіндер. Биік таудан өту үшін тау жануарларын атап көрсетулерің керек. Сол таудан өткеннен соң ғана түлкінің үйіне жетесіндер. Тәрбиеші: Рахмет карта. Олай болса, алаяқ түлкіні табу үшін жолға шығайық. Жолды жақындату үшін ән айтып барайық. Өлең шумағын әндете орындайды: Кел балалар ойнайық, Саяхатқа барайық. Атын іздеп аспаптың Таппай оны қоймайық. Күй күмбірлеп, күмбірлеп, Қолға алсақ домбыра, Домбыра, домбыра, Домбыра, домбыра. Тәрбиеші: Балалар Ысылдауық жыландар бар көлдің жағасына келдік. Дара: Ой мына дыбыс қайдан шығып жатыр? Бұл не өзі? Тәрбиеші: Ненің дыбысын естіп тұрмыз? Жылан қандай дыбыс шығарады? Тындап көрейікші. Қалай дыбыстады? Жыланның дыбысын есіткенде	Ойланып қалды Балалар слайдқа қарап, картаны тауып айтады. Картаны мұқият тыңдайды. Жолға шығуға дайындалып, шеңберге тұрады. Әндете орындап, жолға шығады. Таңырқай қарайды Жыланның -с-с-с-с
--	---	--

	бізде қандай сезім пайда болады? Балалар жыландар бізді шағып алмау үшін жыландарға өлең шумақтарын айтып, қуантып қоялық. Алаңқайға барайық, Айналаға қарайық. Жыландар кеп қалмасын, Бізді шағып алмасын. -с-с-с-с-с-с-с-с-с Боди: Мына өзеннен қалай өтеміз? Тәрбиеші: Ол үшін мына тапсырмаларды орындауымыз қажет. «Қазақтың ұлттық аспаптарын дыбысынан таны!» дидактикалық ойын. Шарты: Қазақ ұлттық аспаптарының үні шығады. Балалар аспаптардың үнін тауып, көпір жағасындағы ілмекке іледі. Балалар енді ненің дыбысы шығып жатыр? Дұрыс айтасындар. Ал, осының барлығын жалпы қалай айтамыз? Бұл дыбыстарды тыңдағанда қандай сезімде болдық? Көпірге жақынырақ барып, байқап көрелік. Балалар ысылдауық жыланы бар көлден өттік. Ары қарай жолымызды әндете жалғастырайық. Еш қапыда қалмайық Шаршамайық, талмайық. Киіз басып, бірлесіп Түрлі ою салайық. Асықтарды шатаспай Түрін атап ойнайық, Ойнайық, ойнайық, Ойнайық, ойнайық. Дара: Ой, балалар мынау тұрған не өзі? Тәрбиеші: Біз жайлауға келдік. Мұнда ата, ағаларымыз қой бағады. Алдыларынан әже шығады.	қорқамыз Көпір астындағы жыландар Жыландар туралы өлең шумағын айтады, дыбыстайды Ойын шартын түсініп, қазақ ұлттық аспаптарын өз орнына орналастырады. Домбыра, жетіген, қобыз. Музыкалық аспаптар Көңіліміз көтерілді Балалардың жартысы интербелсенді тақтадан аспаптарды өз ұяшығына орналастырады. Әндете орындап, жолды жалғастырады. Қызыға қарайды.
--	--	--

	Әже: Сәлеметсіңдерме балалар! Маған көмектесетін көмекшілер керек еді, сендердің келгендерін қандай жақсы болды. Мен мына текеметтің оюларын салатын көмекші таппай тұрғанмын. Маған көмектесесіңдерме? Олай болса сендер текемет жасап болғанша мен сиыр сауып келейін. Тәрбиеші: Олай болса, біз әжейге көмектесейік. Мынау тұрған текеметтің оюларын қыздар әсемдеп салып, орасын. Ал, ұл балалар киізді аяқтарымен бассын. Сонда әдемі текемет шығады, оны ашып көреді. Дара: Ал мынау не? Олардың үйлері қайда? Тәрбиеші: Олар киіз үйде тұрған. Киіз үй туралы мәлімет интербелсенді тақтадан көрсетіледі, сұрақтар қойылады. 1. Мына суреттегі не? 2. Киіз үйдің жоғарғы бөлігі не деп аталады? 3. Оның көлемі қандай? 4. Шаңырақты жоғары көтеріп тұратын ағаштарды не деп атайды? 5. Киіз үйдің қабырғасын не деп атайды? 6. Шаңырақ неге ұқсайды? Балалар киіз үйдің құрылысын интербелсенді тақтадан тауып, құрастырып көрсетеді. Дара: Балалар мына жерде жатқан не екен? Тас дейін десем тасқа ұқсамайды. Тәрбиеші: Бұл асық. Асық қойдың, сиырдың артқы аяқтарынан алынады. Экранға назар аударайықшы. Интербелсенді тақтадан асықтардың түрлері көрсетіледі. Асықтарды үш тілде санап, аттарын ажыратып, өз орнына орналастыруы керек. Тәрбиеші: Жайлаудан да өттік. Ал, енді жолымызды жақындату үшін ән айтып	Сәлеметсізбе Әрине көмектесеміз. жәрайды Киіз үй шаңырақ домалақ уық кереге күнге Киіз үйдің құрылысын тауып көрсетеді. Ол асық. Асықтарды өз ұяшықтарына орналастырады. Үш тілде асықтарды санайды.
--	--	---

	барайық. Еш қапыда қалмайық Шаршамайық, талмайық. Достығымыз жарасып, Тауға бірге барайық. Алда күтер көп сұрақтар Дұрыс жауап айтайық. Айтайық, айтайық, Айтайық, айтайық. -Барлығы биік тауға келеді. Боди: Мына биік таудан қалай өтеміз? Тәрбиеші: Биік таудан өту үшін таудағы жануарларды өз мекеніне апарып қоюларын керек. Дара: Бұл қандай жануар? Мен бұл елдің жануарларын білмеймін. Сендердің көмектерімен жануарлардың айырмашылықтарын біліп алатын болдым. Жәрайсындар, бұл тапсырманы да оңай орындадыңдар. Әнімізді айтып, алаяқ түлкінің үйіне барайық. Еш қапыда қалмайық Шаршамайық, талмайық. Қол ұстасып бәріміз Жолымызды жалғайық. Тапсырмадан сүрінбестен Заңғар көкке самғайық, Самғайық, самғайық, Самғайық, самғайық. Тәрбиеші: Міне, балалар түлкінің үйіне келдік. Дара есікті қағады. Інінен алаяқ түлкі шығады да, сендер менің үйімді қалай таптыңдар? Ұзақ жолмен қалай жеттіңдер? Тәрбиеші: Жолдағы бірнеше кедергілерден өтіп, тапсырмаларды орындап келдік. Дара: Түлкі менің затымды қайтар, сол үшін біз сені іздеп келдік. Түлкі: Жо-жоқ мен тегін бермеймін. Ол үшін маған не бересіңдер?	Ән айтып жолды жалғастырады. Таңырқай қарайды. Жануарлардың ішінен тау жануарларын ажыратып көрсетеді. Қуанып қалады Ән айтып түлкінің үйіне жетеді.
--	---	---

	Тәрбиеші: Біздің балалар дарынды. Саған көмектеседі Дара. Дара: Түлкі біз саған өзіңнің бейненді сурет арқылы салып береміз жәрайма? Түлкі: Жәрайды Дара: Боди саған жолда көрген кереметтерден не ұнады? Боди: Маған музыкалық аспаптар ұнады. Дара: Мағанда ұнады, әсіресе жетіген аспабы басқа аспаптарға ұқсамайды екен. Барлығымыз бірлесе жетіген аспабын жасайық. Енді барлығымыз шығармашылық алаңына барсақ қалай қарайсындар. Ол үшін түлкінің бейнесін, жетігенді жасау үшін екі алаңға бөлінейік. Бірінші алаң: Түлкінің бейнесін дәстүрден тыс әдіс арқылы кленка бетіне сұйық, түрлі түсті желім жағу арқылы бояйды. Екінші алаң: Жетіген аспабын қалдық заттан, яғни пенепластан жіп тартып, асықтарды қою арқылы жасайды. Дара: жәрайсындар балалар сендер өз жұмыстарыңды керемет орындадыңдар. Менің достарым риза болды. Ал енді барлығымыз өз орнымызға барайық. Түлкі сенде бізге қосыл, бәріміз дос болайық. Біз сендердің ұлттық аспаптарыңды, текеметті, асықтар мен киіз үй туралы білдік. Сендерге риза болдық. Тәрбиеші: Балалар бізге кімдер келді? Біз қандай жақсылық жасадық? Қандай кедергілерден өттік?	Жәрайды Екіге бөлінеді Өз жұмыстарын орындайды. Дара, Боди, Түлкі Дараға түлкіні табуға көмектестік Ысылдауық жыландар бар көлден, жайлауға барып текемет басып, асықтарды ажыраттық, таудан өтіп, тапсырмаларды орындадық. Суретін салдық Киізүй құрастырып, асықтардың түрін ажыратып, жетіген аспабын жасадық.
--	---	---

	Түлкі бізге қандай шарт қойды? Тағы қандай жұмыс жасадық?	Әрине ұнады
	Балалар бүгінгі ҰОӘ ұнадыма?	
Жетекші - жөндеуші	Сендерге әкелген сыйлығым бар. Мен оны сендердің тапқыр, ақылды болғандарың үшін әкелдім. Дара балаларды марапаттайды.	Балалар қуанып қалады. Келген қонақтарға өз сыйлықтарын береді.

Күтілетін нәтиже:

Білу қажет: Бірлесе жасаған жұмыс өз нәтижесін беретінін, қазақтың музыкалық аспаптары, киіз үй, асық туралы білімдері артты.

Қалыптасқан түсініктер: Балалардың ойы, есте сақтау қабілеті, тіл байлығы, тіл белсенділігін меңгерді, түсінді.

Орындаушылық қабілетті: Балалар шаттық шеңберін, тапсырманы мұқият орындап, бөліктерді құрастырып, қойылған сұрақтарға жауап беріп, шығармашылық жұмысты, қызыға орындады. Бір-біріне достық сезімі артады.

